**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШТА БІЛІМ БЕРУ » КАФЕДРАСЫ**

# ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

(білім бағдарламасы)

**2019-2020 оқу жылы**

| № | Пәннің коды және атауы | Курстың мақсаты<br>Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы | Пререквизиттер | Қалыптасатын құзыреттіліктер<br>(30 сөзден көп емес) | Пәндер циклы | | Академиялық кредит көлемі | Ұсынылған семестр |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | (ЖБП, БП, КП) | ЖК, ТК | | |
| | | | | **1 курс** | | | | |
| 1 | PMK 1201 Тәрбиеші мамандығына кіріспе | П әннің мақсаты: болашақ тәрбиеші мамандығының педагогикалық іс-әрекетіне, болашақ кәсіптің теориялық және практикалық негіздерін меңгеруге кәсіби-педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру, оның жоғары әлеуметтік маңыздылығын түсіну. | Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Орта мектеп бағдарламасы | **Білуге тиісті:** қазіргі қоғамдағы тәрбиеші педагогтың әлеуметтік мәні туралы; болашақ мамандықтарының әлеуметтік мәні мен мазмұны туралы; тәрбиешінің кәсіби қызметі және оның әлеуметтік педагогикалық мәнін - педагогтың табысты іс-әрекеті үшін үздіксіз білім алу қажеттілігі туралы;тәрбиеші мамандығына қойылатын талаптарды; ҚР білім беру жүйесі және педагогикалық білім беру жүйесі туралы;<br>Нәтижесінде: Өзін-өзі тәрбиелеу және оның үздіксіз білім беру жағдайында педагогтың кәсіби қалыптасуындағы рөлін; тәрбиеші мамандығын таңдау уәжі және қазіргі студенттер тұлғасын дамытуға әсерін.; педагогикалық ғылым мен практикадағы құзіреттілік тұрғыда білім берудің мәні жайлы; | **БП** | **ЖК** | **5** | **1** |
| 2 | BP 1202 Балалар психологиясы | Пәнді оқытудың мақсаты –онтогенездің әр түрлі сатыларындағы психикалық даму мәселелері бойынша негізгі теорияларын және тұжырымдамаларын, практикалық білімдерімен қаруландыру, олардың кәсіби психологиялық дайындықтарын күшейту, жүйелі түсініктерді қалыптастыру.<br>Пәннің негізгі тараулары.<br>Балалар психологиясы пәні және оның жалпы шұғылданатын мәселелері. Балалар психикасының даму заңдылықтарын зерттеу әдістері. Психиканың даму заңдылықтары. Нәрестелік кезеңнің дамуына сипаттама. Сәбилік кезеңдегі бала психикасының дамуына сипаттама. Мектепке дейінгі кезеңдегі баланың негізгі әрекеті «ойын». Мектепке дейінгі кезеңнің дамуына сипаттама. Мектепке дейінгі кезеңде жеке басының қалыптасуының дамуына сипаттама. Баланың ақыл-ойын дамыту. Баланың мектепке психологиялық дайындығын айқындау. Бастауыш сынып оқушылары және психологиялық ерекшелігі. | Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Тәрбиеші мамандығына кіріспе | Білуі тиіс: мектепке дейінгі балалардың даму заңдылықтары мен тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын; мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелік анатомиялық-физиологиялық, психикалық дамуының негізгі заңдылықтарын.<br>Біліктілігі: даму және денсаулық жайын ескере отырып, жеке ықпал негізінде әр баланың нышандарын, бейімділігін, қабілетін айқындау және дамыту<br>Дағдысы бар: мектеп жасына дейінгі балалардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру<br>Құзыреттілігі-пәндік-арнайы<br>Қоғамдық белсенді, ынталы, шфғармашыл тұлға қалыптастыру | **БП** | **ЖК** | **5** | **1** |
| 3 | ZhEFMDG 1203 Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена | Пәнді оқытудың мазмұны: Қазіргі қоғамның даму кезеңінде жеке тұлғаны қалыптастыру.<br>Пәннің негізгі тараулары: Жеке тұлғаны дамытудың, тәрбиелеудің, қалыптастырудың өзара байланысы және сипаты. Балалардың жас және дара ерекшеліктері, оларды оқу-тәрбие процесінде есепке алу. | Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы | Білуі тиіс:Оқушының жеке тұлғалық дамуының жас ерекшелік кезеңдерін, табиғи мүмкіндіктерін білу.<br>Біліктілігі: Жеке тұлғаның өзіндік белсенділігін, оның қабілеттері мен дарынын дамыту.<br>Дағдысы: Оқушы тұлғасының дара ерекшеліктерін бағалау.<br>Құзыреттілігі:Қоғамдық белсенді, ынталы, шығармашыл тұлға қалыптастыру. | **БП** | **ЖК** | **5** | **2** |
| 4 | MDP 1204 Мектепке дейінгі педагогика | Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі курстарының қазіргі жайы мен негізгі мәселелері, балалардың шығармашылық, зияткерлік, дене | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар | Балалардың бақылау, зерттеу, қабылдау ерекшеліктеріне байланысты балабақшадағы жұмыстың мазмұны және әдістерін; мектепке дейінгі ұйымда зерттеу әдістері, оның | **БП** | **ЖК** | **5** | **2** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қабілеттерін дамыту; әлемдік көркем және ұлттық мәдениет негіздеріне баулу; балалардың эмоциялық өрісін дамыту, қарым-қатынас, мінез-құлық, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу мәселелері қарастырылады<br><br>мектеп жасына дейінгі балаларға бақылау ұғымдарын үйретудің теориялық негіздері бойынша білімді, балалардың бақылау, зерттеу, қабылдау ерекшіліктеріне байланысты балабақшадағы жұмыстың мазмұны және әдістерін, мектепке дейінгі ұйымда зерттеу әдістері, оның түрлерін оқыту процесін ұйымдастырудың жолдарын түсіндіру<br>мектепке дейінгі педагогика пәнін және әдістерін, мектепке дейінгі білім беру мақсат және міндеттерін қалыптастыру | психологиясы | түрлерінοқыту процесін ұйымдастырудың жолдарын білу, түсіну, қолдануы керек. | | | | |
| | **2курс** | | | | | | | |
| 5 | ETKN 2108<br>Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | Пәннің мақсаты: қоршаған ортаға және табиғи ортаға әлемдік, ұлттық және жергілікті деңгейлерде олардың қызметінің салдарын болжай алатын, экологиялық заңнаманың, ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, жауапкершілікті таңдауға мүмкіндік беретін, экологиялық тұрғыдан ойлаудың және қауіпсіз өмір сүрудің негіздерін иеленетін экологиялық таза білімді тұлғаны қалыптастыру мәдениет пен табиғат әлемінде өзін-өзі тану негізінде әлеуметтік әріптестікке, қоршаған ортаның сапасын жақсарту мен сақтауға тәжірибелік іс-әрекеттер, адам денсаулығының, өмір сүру қауіпсіздігінің сақталуын және жақсаруын қамтамасыз ету. | Орта мектеп бағдарламасы (биология, химия, география) | Адамның денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаға экологиялық әсерін төмендету, экологиялық мәдениетті арттыру, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру принциптерін білу керек және іс-әрекеттер, қызметтердің қоршаған ортаны қорғау, адам денсаулығы, тіршілік қауіпсіздігі, жергілікті қоғамдастық пен табиғаттың тұрақты дамуының жүйелік салдарын (тәуекелдерін) алдын-ала бағалауды білу керек. | ЖМК | ТК | 5 | 4 |
| **6** | KNMC 2108<br>Кәсіпкерлік негізі және ментор-стартаптары | Курстың мақсаты. Қазақстандағы кәсіпкерлік қағидалары туралы білімдерін қалыптастыру, жаңа идеяларды іздеу әдістері мен стартаптар құру арқылы студенттерді бизнес ашуға тарту.<br>Курс мазмұны. Өз бизнесін дамыту, бюджет және басқа шаруашылық субъектілерін қаржылық міндеттемелерді қамтамасыз ету, тауарлар (жұмыс, қызмет) және нақты тұтынушылар мен қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында нарықтық қатынас субъектілері жүзеге асыратын түрлі қызмет салаларында еркін экономикалық басқару болып табылатын кәсіпкерлік теориясын және тәжірибесін зерттеу. | Орта мектеп бағдарламасы | Білуі қажет: кәсіпкерлік қызметтің мазмұны мен мәні, оның түрлері мен формалары, кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру негізі, сондай-ақ кәсіпкердің іскерлік этикалық мінез-құлық принциптерін;<br>Жасай білуі қажет: Кәсіпкерлік идеялар банкін қалыптастыру, стартаптар үшін бизнес-жоспар жасау,көшбасшылық дағдыларды дамыту және әлеуметтік-бағдарланған және инновациялық бизнес саласында бірлескен жұмыс тәжірибесін алу<br>Дағдысы бар: Стартап құру әдістерін, өндіріс саласында ынтымақтастықтың негізгі нысандары, кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау қағидаттары мен әдістері және белгілі бір іскерлік ортада адамның өзін-өзін ұйымдастыру дағдыларын игеру | ЖМК | ТК | 5 | 4 |
| **7** | CSL 2108 Community Service Learning<br>Қоғамға қызмет ету<br>Коммуникативный сервис | **Пәннің мақсаты:** Әлеуметтік маңызы бар жобада жұмыс істеудің бірегей мүмкіндіктері арқылы студенттерде қоғамда қызмет етудің тәжірибесін қалыптастыру, оларда қоғамдағы нақты мәселелерді шешуге тарту арқылы белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.<br>**Пәннің тараулары:** Service Learning әрекет арқылы оқыту. Көшбасшылық педагогикасы. Әлеуметтік осал азаматтардың санаттары. Мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың әлеуметтік қызметі. Жобаны басқару. | Мектеп деңгейіндегі «Өзін-өзі тану» пәні | - іскери қарым-қатынастың теориялық негізін қалыптастыру;<br>- студенттердің жобалық қызметтегі дағдыларын қалыптастыру;<br>- сын тұрғысынан ойлау мен сындарлы мәселелерді шешу дағдыларын дамыту;<br>- ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, сауалнама жасау, деректерді өңдеу үшін статистикалық талдау әдістерін қолдану;<br>- теория мен тәжірибе арасындағы байланысты көре білу;<br>- көшбасшылық және командалық жұмыс дағдыларын дамыту;<br>- құндылық бағдарларын тәрбиелеу: альтруизм, қоғамға қызмет көрсету. | ЖМК | ТК | 5 | 4 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **8** | MEIRZ 2108 Мәңгілік ел идеясы және рухани жаңғыру | Пәннің мақсаты: Жоғары ұлттық және өзіндік санасы, патриоттық рухы жетілген қоғамның әлеуметтік белсенді жаңа буынын тәрбиелеу; кәсібилік рухы мен бәсекеге қабілеттілігі мол, тұрақтылықты, тәуелсіздікті, біздің еліміздің қауіпсіздігін сақтауға мейлінше дайын, өзге халықтар мәдениеттермен оңды келісім жүргізуге қабілетті жастарды дайындау. | Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия. | Пәнді оқу нәтижесінде студент: Пәнді оқыту негізінде этнос, ұлт, діл, ұлттық діл, ұлттық идея, ұлттық тәрбие, ұлттық өзіндік сана, ұлттық мәдениет, ұлтаралық қатынастар мәдениеті, салауатты өмір салты, ақыл-ой мүмкіншілігі, бәсекеге қабілеттілік және басқа ұғымдарды білуі керек.<br>Қазақстан этностарының бәріне ортақ құндылықтар болып табылатын жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын сыйлай отырып, азаматтық қоғамда еркін өмір сүре білуі керек; этнопедагогикалық, этномәдени, әртүрлі мәдени құзіреттілікті, ұлт аралық келісім мен қарым-қатынасты меңгеруі қажет. | ЖМК | ТК | 5 | 4 |
| **9** | MDMTZhTA 2206 Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Пәннің мақсаты баланың денсаулығын нығайту және физикалық дамуына бағытталған іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру болып табылады. Курстың мақсаты-мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық-бағдарлы білім беру жағдайында өмір сүруін ұйымдастыру және тәрбиелеу саласында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Бұл курс тұтас педагогикалық үдерістің құрылымындағы тәрбиенің мәнін, мектепке дейінгі жас тұлға мен тәрбиенің алғашқы қалыптасу кезеңі ретінде, тәрбиешінің жеке тұлғасын, оның қызметінің ерекшеліктерін, педагогикалық функциялары мен іскерліктерін, тәрбиешінің жұмысын ұйымдастырудың мазмұнын, нысандарын, педагогикалық шеберлікті жетілдіруді, мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудің мазмұны мен әдістемесін зерделеуді қарастырады. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика | Отандық және шетелдік педагогтардың теориялары мен балалардың дамуын; тұтастай педагогикалық процестегі тәрбиенің мәнін, оны жүзеге асырудағы заңдылығы, ұстанымдары және әдістері; тәрбие жүйесі, тәрбие бағыттарын, мақсаты, мазмұны мен құралдарын; даму мүмкіндігі шектелген балаларды оқыту және тәрбиелеудің теориясын, жаратылыстану ғылымының негізгі ұғымдарына түсінік беру | **БП** | **ЖК** | **5** | **3** |
| **10** | MZhDBDA 2207 Мектеп жасына дейінгі балаларды диагностикалау әдістемесі | Пәнді оқытудың мақсаты –онтогенездің әр түрлі сатыларындағы психикалық даму мәселелері бойынша негізгі теорияларын және тұжырымдамаларын, практикалық білімдерімен қаруландыру, олардың кәсіби психологиялық дайындықтарын күшейту, жүйелі түсініктерді қалыптастыру.Пәннің негізгі тараулары: Балалар психологиясы пәні және оның жалпы шұғылданатын мәселелері. Балалар психикасының даму заңдылықтарын зерттеу әдістері. Психиканың даму заңдылықтары. Нәрестелік кезеңнің дамуына сипаттама. Сәбилік кезеңдегі бала психикасының дамуына сипаттама. Мектепке дейінгі кезеңдегі баланың негізгі әрекеті «ойын». Мектепке дейінгі кезеңнің дамуына сипаттама. Мектепке дейінгі кезеңде жеке басының қалыптасуының дамуына сипаттама. Баланың ақыл-ойын дамыту. Баланың мектепке психологиялық дайындығын айқындау. Бастауыш сынып оқушылары және психологиялық ерекшелігі. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика | Білуі тиіс: мектепке дейінгі балалардың даму заңдылықтары мен тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын; мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелік анатомиялық-физиологиялық, психикалық дамуының негізгі заңдылықтарын.<br>Біліктілігі: даму және денсаулық жайын ескере отырып, жеке ықпал негізінде әр баланың нышандарын, бейімділігін, қабілетін айқындау және дамыту<br>Дағдысы бар: мектеп жасына дейінгі балалардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру<br>Құзыреттілігі-пәндік-арнайы<br>Қоғамдық белсенді, ынталы, шығармашыл тұлға қалыптастыру | **БП** | **ТК** | **5** | |
| **11** | BFDDZhBIU 2207 Баланың физикалық дамуы мен денсаулығын жақсартуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру | Пәннің мақсаты баланың денсаулығын нығайту және физикалық дамуына бағытталған іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру болып табылады. Мазмұнына режимдік сәттерді, таңғы гимнастиканы, сабақтарды, серуендеу, шынықтыру, дене шынықтыру және мерекелерді ұйымдастыру және өткізу; Мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеуге және денсаулықты нығайтуға бағытталған режимдік сәттерді (жуыну, киіну,тамақтану, ұйқы) ұйымдастыру және өткізу; шынықтыру процедуралары, дене шынықтыру және балалардың жасына сәйкес | Мектепке дейінгі педагогика , Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Курст оқу нәтижесінде: баланың физикалық дамуы мен денсаулығын жақсартуға бағытталған іс-шаралар мен мерекелер; дене тәрбиесі бойынша іс-шараларды бақылау және талдау; дене тәрбиесі процесін түзету бойынша ұсыныстар әзірлеуді меңгереді. | **БП** | **ТК** | **5** | **3** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **12** | MZhDBOKN 2208 Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінің қауіпсіздігі негіздері | Пәннің мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіз өмір сүру негіздерін қалыптастыру бойынша студенттердің теориялық және практикалық дайындығын қамтамасыз ету. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика | Мазмұны бойынша нәтижесіндеі: тіршілік қауіпсіздігі мәселесіне теориялық көзқарас, мектепке дейінгі балалардың қауіпсіздік негіздерін қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері, мектепке дейінгі балалардың қауіпсіз жүріс-тұрыс тәжірибесін меңгеру ерекшеліктері, мектепке дейінгі балалардың тіршілік қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың формалары, тәсілдері, әдістері мен құралдары, мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіздік негіздерін қалыптастырудың практикалық аспектілері, мектепке дейінгі мекемелерде қауіпсіз орта құру, мектепке дейінгі мекемелер мен отбасы жағдайында баланың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді меңгереді. | **БП** | **ТК** | **5** | **3** |
| **13** | DBAN 2208 Денсаулықтың биомедициналық және әлеуметтік негіздері | Бұл курстың мақсаты студенттерді психикалық және физикалық денсаулықтың медициналық-биологиялық және әлеуметтік негіздерімен таныстыру болып табылады. | Мектепке дейінгі педагогика , Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Курсты оқу нәтижесінде: денсаулықтың медициналық-биологиялық көрсеткіштерін ;-аурулар мен ерте өлім себептерін; - денсаулықтың медициналық-биологиялық және әлеуметтік негіздерін; - балалардың денсаулығына әлеуметтік факторлардың әсерін; - мектепке дейінгі жастағы балалардың психофизикалық және физикалық дамуын; - мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудың медициналық-психологиялық жағдайларын; - отбасын жоспарлауды біледі,түсінеді, қолдана біледі.; | **БП** | **ТК** | **5** | **3** |
| **14** | MDUK(O)TOA 2301 Мектепке дейінгі ұйымда қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі | Пәнді оқыту мақсаты студенттердің қазақ (орыс) тілінің негіздерін терең түсінуін қалыптастыру және оларды тиімді әдістермен және балалармен жұмыс істеу тәсілдерімен қаруландыру болып табылады. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика | Курс нәтижесінде тілдермен байланысты сөйлеу дағдылары мен біліктерін зерттеу кіреді, қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесін; оқыту мен тәрбиелеудің әдістемесі мен әдістерін, оның ішінде баланың жан-жақты дамуына ықпал ете отырып, баланың психологиялық дамуын біледі. | **КП** | **ТК** | **5** | **4** |
| **15** | KK (O) T 2301 Кәсіби қазақ (орыс) тілі | Пәнді оқыту мақсаты студенттердің қазақ (орыс) тілінің негіздерін терең түсінуін қалыптастыру және оларды тиімді әдістермен және балалармен жұмыс істеу тәсілдерімен қаруландыру болып табылады. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика | Курс нәтижесінде тілдермен байланысты сөйлеу дағдылары мен біліктерін зерттеу кіреді, қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесін; оқыту мен тәрбиелеудің әдістемесі мен әдістерін, оның ішінде баланың жан-жақты дамуына ықпал ете отырып, баланың психологиялық дамуын біледі. | **КП** | **ТК** | **5** | **4** |
| **16** | MDUShTOA 2206 Мектепке дейінгі ұйымда шетел тілін оқыту практикумы | Пәннің мақсаты ерте даму саласында әдістемелік және кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік аясында шет тілін оқыту болып табылады.. | Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінің қауіпсіздігі негіздері, Мектепке дейінгі ұйымда қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі | Курсты оқу нәтижесінде шет тілі құралдарымен оқу іс-әрекетінің субъектісін дамытуды оқыту, оқыту тәсілдері, оқытудың мәдени/ әлеуметтік-мәдени компоненті, шет тілін оқытудың заманауи технологиялары, оқу және жазу негіздерін оқыту, лексика, ауызша қарым-қатынас жасау, монологтық сөйлеу негіздерін оқытуды біледі,. | **БП** | **ТК** | **5** | **4** |
| **17** | KBShT 2209 Кәсіби бағытталған шетел тілі | Пәннің мақсаты ерте даму саласында әдістемелік және кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік аясында шет тілін оқыту болып табылады. Курстың мазмұнына шет тілі құралдарымен оқу іс-әрекетінің субъектісін дамытуды оқыту, оқыту тәсілдері, оқытудың мәдени/ әлеуметтік-мәдени компоненті, шет тілін оқытудың заманауи технологиялары, оқу және жазу негіздерін оқыту, лексика, ауызша қарым-қатынас жасау, монологтық сөйлеу негіздерін оқыту кіреді. | Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінің қауіпсіздігі негіздері, Мектепке дейінгі ұйымда қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі | Курсты оқу нәтижесінде шет тілі құралдарымен оқу іс-әрекетінің субъектісін дамытуды оқыту, оқыту тәсілдері, оқытудың мәдени әлеуметтік-мәдени компоненті, шет тілін оқытудың заманауи технологиялары, оқу және жазу негіздерін оқыту, лексика, ауызша қарым-қатынас жасау, монологтық сөйлеу негіздерін оқытуды біледі,. | **БП** | **ТК** | **5** | **4** |
| **18** | KBT 2210 Критериалды бағалау технологиясы | Пәннің мақсаты: критериалды бағалаудың ғылыми-педагогикалық негіздерін, критериалды бағалаудың даму тарихы, критериалды (формативті және жиынтық) түрлілігін, оларды қолдану, оқушылардың үлгеріміне қол жеткізу | Мектепке дейінгі ұйымда шетел тілін оқыту практикумы, Мектепке дейінгі | Білуі тиіс: - сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға; - сабақ процесінде өтілетін тақырыптың күнделікті өмірмен тікелей байланысына мән беруге; - оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға; - | **БП** | **ЖК** | **5** | **4** |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | интсрументі ретінде портфолио құру, Өлшеу техникасының критерийлерін меңгеру, кері байланыс орнату, өлшемдер негізінде бағалау жүйесіне көшу кезінде ата-аналық бақылауды жүзеге асыру әдістері қарастырылады. | педагогика | олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне үйретуге тиіс<br>Біліктілігі:<br>ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға;<br>- сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға; - жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;<br>- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға; - білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға қабілетті. | | | | |
| **3 курс** | | | | | | | | |
| 19 | MDUKAOA 3224 Мектепке дейінгі ұйымда көркем әдебиетті оқыту әдістемесі | Пәнді оқытудың мақсаты мектепке дейінгі ұйымда көркем сөз өнерінің бір саласы ретінде балалар әдебиетінің ерекшеліктерін таныту, студенттердің әдеби-теориялық білімдерін шыңдау.<br>Пәннің негізгі тараулары.<br>Халық ауыз шығармаларының тарихы, қазақ фольклорының жанрлық құрамы. Ежелгі қазақ әдебиетіндегі көркемдік фольклор. Хандық дәуірдегі әдебиет XV-XVIII ғасырдағы поэзия. X-XIX ғасырдағы әдебиет. XX ғасырдағы әдебиет. Қазіргі қазақ әдебиеті. Қазіргі әдебиеттің даму кезеңдері. 1940 -2000 жылдардағы қазақ поэзиясы мен прозасы. | Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінің қауіпсіздігі негіздері, Мектепке дейінгі ұйымда қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі | Білуі тиіс: жеке әдістемелердің теориялық негіздерін; олардың қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі білімді дамытудағы мақсатын.<br>Біліктілігі: көркем сөз өнерінің бір саласы ретінде балалар әдебиетінің ерекшеліктерін тану, шығармаларды таңдай білу. | БП | ТК | 3 | 6 |
| 20 | DOA 3224 Драманы оқыту әдістемесі | Драманы оқыту әдістемесі мектеп жасына дейінгі балаларға жан-жақты дамуы. Драманы педагогиканың негізгі құралдарына сипаттама. Көлеңке театрының тарихи-педагогикалық аспектілері. Театрлық іс-әрекетті ұйымдастырудағы педагогтың ролі. Театрлық ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруға қойылатын әдістемелік ұсыныстар. Театрлық іс-әрекетті ұйымдастыру формалары. Театрлық ойын түрлері. Театрлық ойын классификациясы. Театрлық ойындарға педагогикалық басшылық жасау әдістемесі. Жас ерекшелік топтарында балалармен театрлық ойындарды ұйымдастыру жөніндегі жұмыс мазмұны. Балабақшадағы театрлық-ойын іс-әрекетін ұйымдастыру жөніндегі отандық педагогтар тәжірибесі. Театрлық іс-әрекет бұрышын ұйымдастыру. Қуыршақ театры. Қуыршақ театрын дайындау. Мектеп жасына дейінгі балалардың театрлық іс-әрекетін педагогикалық диагностикалау | Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінің қауіпсіздігі негіздері, Мектепке дейінгі ұйымда қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі | *Білуі тиіс:* Театрлық педагогиканың негізгі құралдарына сипаттама. Қуыршақ театры. Қуыршақ театрын дайындау. . Театрлық ойын түрлері. Театрлық ойын классификациясы<br><br>*Дағдысы:* тіл дамытады,еркін ұстауы; сахнада еркін жүругі, еркін сөйлеуі; рольдерлді сомдау;<br>*Құзыреттілігі:* кәсіби -арнайы | | | | |
| 21 | OP 4223 Отбасы педагогикасы | Отбасы туралы алғашқы педагогикалық түсініктер,отбасы тәрбиесінің мәселелері, қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде баланың отбасы қарым - қатынасындағы іс-әрекетін ұйымдастыру, мектеп пен отбасы арақатынасы туралы мәселелер. | Мектепке дейінгі ұйымда шетел тілін оқыту практикумы, Мектепке дейінгі педагогика | Білуі тиіс: мектепке дейінгі мекемеде отбасымен жұмысты тиімді ұйымдастырудың теориялық жолдарын;<br>Біліктілігі: отбасымен жұмысты шығармашылықпен өткізе білу<br>Құзыреттілігі: Балалардың түйінді құзыреттілігін қалыптастыру; | БП | ТК | 3 | 7 |
| 22 | BOAB 4307 Балабақша мен отбасы арасындағы байланыс | Отбасы тәрбиесінің негіздері, принциптері, мақсат-міндеттері, үйішілік тәрбие, отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері, отбасы және заң, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының байланысы. | Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінің қауіпсіздігі негіздері, Мектепке дейінгі ұйымда қазақ (орыс) тілін | Тұлғалық бағдарлы білім беру жағдайында (бала-ата-ана-тәрбиеші) үштікте педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастыру. | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | оқыту әдістемесі | | | | | |
| 23 | VMDUIBB 3218 Валеология және инклюзивті білім беру | Пәннің мақсаты-мектепке дейінгі білім беруде инклюзивті білім беру және валеология негіздерін оқу, Мектепке дейінгі жастағы балаларды ерекше білім беру қажеттіліктерімен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика | Курсты оқу нәтижесінде: қазіргі қоғамдағы инклюзивті білім берудің қажеттілігі; инклюзивті мектепке дейінгі білім беру жағдайында қолдау мен қолдауды ұйымдастыру және нысандары; инклюзивті мектепке дейінгі білім беруді технологиялық, дидактикалық және ақпараттық қамтамасыз ету; мектепке дейінгі жастағы балалармен білім беру процесінің ерекшелігі; денсаулықты сақтау мен нығайтудың валеологиялық негіздері, денсаулық және СӨС қауіп факторлары, мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту әдістерін меңгереді. | **БП** | **ТК** | | **4** |
| | | | **4 курс** | | | | | |
| 24 | MADA 4308 Мектепалды даярлық әдістемесі | Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс мақсаты, мазмұны. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскер қызметі. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскер қызметінің функциялары. Нормативтік құжаттар. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс формалары. Педагогикалық кеңес. Кеңес беру. Семинар-практикум. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскердің жылдық жоспары. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің циклограммасы. Кадрлармен жұмыс. Жас мамандармен жұмыс. Педагогикалық озық тәжірибе. Бақылау. Оперативті бақылау, тақырыптық бақылау, фронталдық бақылау. Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру формалары. Сабаққа қатысу және оны талдау. Есеп беру. | Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінің қауіпсіздігі негіздері, Мектепке дейінгі ұйымда қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі | Білу керек:<br>мектепке дейінгі мекеме әдіскерінің міндеттері мен оларға қойылатын талаптар;<br>*Біліктілігі:* студенттерді мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс пәнінің мазмұнын, *Дағдысы:* Мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастыру және басқару;<br>*Құзыреттілігі: кәсіби - арнайы* | КП | ТК | 5 | 7 |
| 25 | OTAY 4308 Оқу-таным әрекетін ұйымдастыру | Пәнді оқытудың мақсаты мектепке дейінгі ұйымдарда оқу таным әрекетін ұйымдастыру құзыреттілігін қалыптастыру. Оқу –таным әрекетін ұйымдастыру әдістемесі. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика | *Білуі тиіс:* дидактикалық туралы түсінік, оқу –танымдық әрекеттің теориялық негізері, мектепке дейінгі жастағылардың оқу танымдық әрекетінің ерекшеліктерін, мақсат, міндеттерін білу:<br>*Біліктілігі:* танымдық қызығушылықты қалыптастыру , шын мәнінде , мектеп мектеп оқушыларының оқуымен байланыстырылады.<br>Дағдысы бар: педагогикалық қызмет процесі мен нәтижесін рефлексиялауды, өзіндік бақылауды және коррекциялауды жүзеге асыру<br>Құзыреттілігі-пәндік-арнайы | | | | |
| 26 | 4226 Мектепке дейінгі білім берудегі интерактивті әдістер | Студенттерді педагогикалық технологиялар түрлерімен таныстыру, іс-тәжірибеде білім, дағдыларын қалыптастыру барысында жүйелі білім беру.Студенттерді қазіргі білім беру технологияларымен қаруландыру<br>оқыту үрдісіндегі технологиялармен әдісімен, формаларымен танысу.Пән бойынша студент педагогикалық жаңа технологияларды, әдістерін, түрлерін, қазіргі заманғы оқыту технологияларын білуі тиіс. | Мектеп жасына дейінгі балалар өмірінің қауіпсіздігі негіздері, Мектепке дейінгі ұйымда қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі | Білуі тиіс: Студенттер оқу үрдісінде оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін тиімді пайдалануды.<br>Біліктілігі: Курстың бағдарламасы болашақ мұғалімдердің оқушылардың оқу тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру. | КП | ТК | 5 | 7 |
| 27 | MDYZT 4226 Мектепке дейінгі ұйымдағы заманауи технологиялар | Мектепке дейінге білім инновациясы: ұғымы, маңызы, сипаттама және оның жетілуі. Инновациялық білім берудегі әлемдік тәжірибе. Болон процесі. Оқу процесінде жаңа ақпараттық технологиялар. Инновацияның білім ерекшеліктері. Мектепке дейінгі білім инновациясы. Инновациялық процестің мәні мен құрлымы. Инновациялық білім бағыттары және іс-әрекеті Педагогикалық жаңашылдықты жобалау және жүзеге асыру. Рефлексия. Білім берудегі модернизация және экспримент. Білім берудегі кең көлемдегі жаңашылдықты ғылыми тұрғыдан негіздеу. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика | Білуі керек:<br>-білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістер бойынша заңдар мен нормативтік-әдістемелік материалдардды;<br>- жалпы білім беретін мектепке дейінгі білім беру үрдісіндегі инновациялық технологиялар;<br>- білім беруді басқаруды инновациялық менджементті білуі кере;<br>- педагогикалық жаңашылдықты жобалауды және жүзеге асыруды; | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Инновациялық мектепке дейінгі білім. Мектепке дейінгі білім инновациялық іс-әрекет. Дидатикалық идеялар мен тұжырымдамалардың деңгейіндегі жаңашылдық. Инноватциялық мектепке дейінгі білім жаңашылдық. Тәрбиеші іс-әрекетінде жаңашылдық. Инновациялық менеджмент: негізгі түсінігі, қызметі және түсінігі. | | - мектепке дейінгң білім беру үрдісіндегі оқытудың инновациялық технологияларын пайдалануды;<br>Меңгеруі керек.<br>- жаңашыл тәрбиешілердің озық тәжірибелерін үйрену;<br>- шығармашылық іс әрекеттерді өз бетінше жаңашылдықты меңгеру дағдыларын меңгеруі керек;<br>Құзіреттіліктер:<br>- білім беру жүйесіндегі инновациялық сараптай білу және шығармашылықпен қолдана білу және оның нәтижесін қолдана білу;<br>- инновациялық мектепке дейінгі білім беру жүйесі ерекшеліктерін және жаңашылдықты түсіне білу сияқты; | | | | |
| 28 | MZhDBDTTA 4309 Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі | Дене шынықтыру теориясының негізгі категорияларындағы мазмұны мен көлемін, қосалқы пәндер жүйесіндегі оның орны және дене шынықтыру жоғары оқу орындарының студенттері мен түлектері үшін маңызын ашып көрсету. Пәнді оқыту мақсаты – дене шынықтырудан тереңдетілген білім берумен бірге теориялық негіздерін үйрету | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі ұйымдағы заманауи технологиялар | Жалпы принциптерге, тұлғаның дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру әдістері мен тәсілдері, оқытудың мазмұны мен әдістемесіндегі аспектілерге сипаттама беру. | КП | ТК | 5 | 7 |
| 29 | DTTT 4309 Дене тәрбиесінің теориясы мен технологиясы | Дене шынықтыру теориясының негізгі категорияларындағы мазмұны мен көлемін, қосалқы пәндер жүйесіндегі оның орны және дене шынықтыру жоғары оқу орындарының студенттері мен түлектері үшін маңызын ашып көрсету. Пәнді оқыту мақсаты – дене шынықтырудан тереңдетілген білім берумен бірге теориялық негіздерін үйрету | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика | Жалпы принциптерге, тұлғаның дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру әдістері мен тәсілдері, оқытудың мазмұны мен әдістемесіндегі негізгі аспектілерге, қозғалыс қимылдары мен дене күші қабілеттерін қалыптастыруға, дене жаттығулары сабақтарын құру түрлеріне жоспарлауға, бақылауға және есеп жүргізуге сипаттама беру | | | | |
| 30 | BBOA 4310 Балабақшадағы бейнелеу өнері әдістемесі | Пәнді оқытудың мақсаты студенттердің эстетикалық мәдениетін көтеру және мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу өнері құралдары арқылы оқыту мен тәрбиелеудің әдістеріне үйрету.<br>Пәннің негізгі тараулары<br>Курстың пәні мен міндеттері. Бейнелеу өнерінің теориясы,оның түрлері мен жанрлары. Шетел және отандық бейнелеу өнерінің даму сатылары. Бейнелеу іс әрекетіне үйрету әдістерінің дамуына қысқаша шолу. Әр түрлі жас топтарында бейнелеу іс әрекеттін ұйымдастыру. Әртүрлі жас топтарында сурет салуға үйрету және олардың шығармашылықтары. Әртүрлі жас топтарында мүсіндеуге үйрету және олардың шығармашылықтары. Әртүрлі жас топтарындағы жапсырмалауға үйрету және олардың шығармашылықтары. Балаларды құрастыру мен көркемдік еңбекке үйрету. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру | Мектепке дейінгі ұйымдағы заманауи технологиялар Дене тәрбиесінің теориясы мен технологиясы | *Білуі тиіс:* адам өміріндегі өнердің орнын; отандық және шетелдік бейнелеу өнердің тарихын; мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктерін.<br>*Біліктілігі:* балалардың сабақтағы және өзіндік көркемдік жұмыстардағы бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру; | КП | ТК | 5 | 7 |
| 31 | MZhDBBOTA 4310 Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері теориясы мен әдістемесі | Пәнді оқытудың мақсаты студенттердің эстетикалық мәдениетін көтеру және мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу өнері құралдары арқылы оқыту мен тәрбиелеудің әдістеріне үйрету.<br>Пәннің негізгі тараулары<br>Курстың пәні мен міндеттері. Бейнелеу өнерінің теориясы,оның түрлері мен жанрлары. Шетел және отандық бейнелеу өнерінің даму сатылары. Бейнелеу іс әрекетіне үйрету әдістерінің дамуына қысқаша шолу. Әр түрлі жас | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі ұйымдағы заманауи технологиялар | *Білуі тиіс:* адам өміріндегі өнердің орнын; отандық және шетелдік бейнелеу өнердің тарихын; Қазақстанның әйгілі мүсіншілері мен суретшілерінің шығармалары;<br>мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктерін.<br>*Біліктілігі:* балалардың сабақтағы және өзіндік көркемдік жұмыстардағы бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру; көркемдік құралдармен дидактикалық материалдар жасау; сабақ конспектілерін құру. | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | топтарында бейнелеу іс әрекеттін ұйымдастыру. Әртүрлі жас топтарында сурет салуға үйрету және олардың шығармашылықтары. Әртүрлі жас топтарында мүсіндеуге үйрету және олардың шығармашылықтары. Әртүрлі жас топтарындағы жапсырмалауға үйрету және олардың шығармашылықтары. Балаларды құрастыру мен көркемдік еңбекке үйрету. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру | | *Дағдысы бар*: арнайы әдебиеттерді талқылау және конспектілеу, бейнелеу өнері мен шығармаларын талдау, көрмелерге және мұражайларға топ саяхаттар ұйымдастыру; *Құзыреттілігі* - кәсіби-арнайы студенттердің эстетикалық мәдениетін көтеру және мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу өнері құралдары арқылы оқыту мен тәрбиелеудің әдістеріне үйрету. | | | | |
| 32 | MZhDBMTTA 4311Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық тәрбие теориясы мен әдістемесі | Музыка өнер және тәрбие түрі ретінде. Музыкалық оқытудың және тәрбиелеудің мақсаты, міндеттері және ұстанымдары. Бастауыш мектептегі музыкалық оқытудың және тәрбиелеудің мазмұны. Музыка өнері сабағы – балабақшада музыканы оқытудың негізгі түрі. Музыкалық іс-әрекет түрлері. Музыканы оқытудың және тәрбиелеудің әдістері. Музыканы қабылдау: мәні, маңызы және өткізу түрі. Музыка сабағындағы ән салу. Мақсаты, міндеттері, негізгі әдістері. Музыкалық тәрбие берудің авторлық жүйелері мен әдістемелері: шетелдік және отандық. Балабақшадағы музыкалық жұмыстарды жоспарлау және есепке алу. Сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру түрлері. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі ұйымдағы заманауи технологиялар | *Біліктілігі:* студенттерге балабақшадағы күнделікті тәжірибелік жұмысында кездесетін және өте қажет нақты да жүйелі музыка тарихынан, музыка – теория сынан білім беру, осы алған білімдерін музыкалық оқу үрдісіне кеңінен дұрыс пайдалана білу: *Дағдысы:* белсенді сөздік қорын молайту: *Құзыреттілігі:* пәндік -арнайы | КП | ТК | 5 | 7 |
| 33 | MOTA 4311 Музыка өнері теориясы мен әдістемесі | Муызыкалық тәрбие мен оқытудың міндеттері мен принциптерін, мақсатын анықтау.Музыка өнер мен тәрбие пәні ретінде қарастырылады,музыкалық тәрбиенің мазмұны мен әртүрлі жанрдың түрлерін оқиды. | Тәрбиеші мамандығына кіріспе, Балалар психологиясы, Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі ұйымдағы заманауи технологиялар | *Біліктілігі:* студенттерге балабақшадағы күнделікті тәжірибелік жұмысында кездесетін және өте қажет нақты да жүйелі музыка тарихынан, музыка – теория сынан білім беру, осы алған білімдерін музыкалық оқу үрдісіне кеңінен дұрыс пайдалана білу: *Дағдысы:* белсенді сөздік қорын молайту: *Құзыреттілігі:* пәндік -арнайы | | | | |

**Келісілді жұмыс беруші:**

№55 «Жадыра» балабақшасының директоры Стамгалиева Б.Қ.

№ 17 «Шамшырақ» балабақшасының директоры Кунасова М.А.

**Жоғары оқу орны келісілді:**

Академиялық мәселелер департаментінің директоры _____________Сулейменова Ж.У.

Кафедра меңгерушісі _______________Утешкалиева А.М.